

Ғ. Омаров* , **Б. Бесетаев** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: gani.omarov@kaznu.edu.kz

МАРҚАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында жүргізілген барлық археологиялық барлау, қазба жұмыстарының нәтижелері, кездейсоқ табылған жәдігерлер, жазба деректер мен архив материалдары қарастырылып, жинақталған. Осы өлкеге қатысты XVIII–XIX ғасырлардан бастап қазіргі таңға дейінгі археологиялық ізденістер мен зерттеулер толық пайдаланылған. Зерттеу хронологиялық жағынан Ресей патшалығы кезі, Кеңес уақыты және еліміздің егемендік алғаннан бастап 2024 жылға дейінгі деректер қамтылған. Ресей патшалығы тұсындағы XVIII ғасырдан бастау алатын зерттеулердің басында тұрған Г.Ф. Миллерден бастап Ертістің жоғарғы ағысына дейін 1768–1774 жылдары келген құрамында П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Гмелин, Х. Барданестер бар екінші академиялық экспедицияның материалдары қамтылған. XIX ғасырдағы Г.И. Спасский, П. Новопашин, В. Никитиннің жазбалары және XX ғасырдың басындағы А.В. Адриановтың еңбектері сараланған.

Кеңес өкіметі кезінде Марқакөл ауданында қазба, барлау жұмыстарын жүргізген С.С. Черников, З. Самашев, А.А. Чариков, Ә.М. Оразбаев, А.А. Ковалев, А.А. Тишкин, П.К. Дашковский, Г.А. Куш пен Г.И. Суворовалардың еңбектерінің нәтижелері мен кешін тұстары да қарастырылған.

Тәуелсіздік жылдардағы археологиялық зерттеулер 2012 жылдан басталып бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан Ғ.Қ. Омаровтың басқаруындағы Алтай археологиялық экспедициясының материалдары, мақалалары мен монографиялық еңбектері негізінде хронологиялық тәртіппен берілген. Кездейсоқ жағдайда табылған жәдігерлер де қаузалған.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, Алтай, Марқакөл, археология, барлау, қазба, зерттелу тарихы.

G. Omarov*, B. Besetayev

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: gani.omarov@kaznu.edu.kz

History of the archaeological study of the Markakol district

The article reviews and compiles the results of all archaeological surveys and excavations carried out in the Markakol district of the East Kazakhstan Region, as well as accidentally discovered artifacts, written sources, and archival materials. Archaeological investigations and studies related to this region, spanning from the 18th–19th centuries to the present day, have been fully utilized.

Chronologically, the research includes data from the period of the Russian Empire, the Soviet era, and the years of Kazakhstan's independence up to 2024. It incorporates materials from studies that began in the 18th century during the Russian Empire, starting with G.F. Miller, and includes findings from the second academic expedition – comprising P.S. Pallas, I.P. Falk, I.G. Gmelin, and H. Bardanes – which reached the upper Irtysh River between 1768 and 1774. The works of G.I. Spassky, P. Novopashin, and V. Nikitin from the 19th century, as well as A.V. Adrianov's early 20th century contributions, have also been analyzed.

The article further examines the results and related materials of excavations and surveys conducted in the Markakol district during the Soviet period by S.S. Chernikov, Z. Samashev, A.A. Charikov, A.M. Orazbayev, A.A. Kovalev, A.A. Tishkin, P.K. Dashkovskiy, G.A. Kushch, and G.I. Suvorova.

Archaeological research from the years of independence is presented in chronological order based on the materials, articles, and monographic works of the Altai Archaeological Expedition led by G.K. Omarov, which began in 2012 and continues to this day. Artifacts discovered accidentally are also examined.

Keywords: East Kazakhstan, Altai, Markakol, archaeology, survey, excavation, research history.

Ғ. Омаров*, Б. Бесетаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: gani.omarov@kaznu.edu.kz

История археологического изучения Маркакольского района

В статье рассмотрены и обобщены результаты всех археологических разведок и раскопок, проведенных в Маркакольском районе Восточно-Казахстанской области, а также случайно найденные артефакты, письменные источники и архивные материалы. Полностью использованы археологические исследования и изыскания, относящиеся к этой местности и охватывающие период с XVIII–XIX веков до наших дней.

В хронологическом отношении исследование включает период Российской империи, советского времени и независимости Казахстана вплоть до 2024 года. Соответственно вошли материалы исследований, начавшихся в XVIII веке при Российской империи, начиная от Г.Ф. Миллера, а также данные второй академической экспедиции, прибывшей в верхнее течение Иртыша в 1768–1774 годах в составе П.С. Палласа, И.П. Фалька, И.Г. Гмелина и Х. Барданеса. Проанализированы записи Г.И. Спасского, П. Новопашина и В. Никитина XIX века, а также труды А.В. Адрианова начала XX века. Рассмотрены также результаты и сопутствующие материалы работ С.С. Черникова, З. Самашева, А.А. Чарикова, А.М. Оразбаева, А.А. Ковалева, А.А. Тишкина, П.К. Дашковского, Г.А. Куш и Г.И. Суворовой, проводивших раскопки и разведки в Маркакольском районе в советское время.

Археологические исследования периода независимости представлены в хронологическом порядке на основе материалов, статей и монографий Алтайской археологической экспедиции под руководством Г.К. Омарова, начавшей работу в 2012 году и продолжающей исследования по сегодняшний день. Также рассмотрены артефакты, обнаруженные случайным образом.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, Алтай, Маркаколь, археология, разведки, раскопки, история изучения.

Кіріспе

Қазақстанның шығысындағы шалғай шекара орналасқан Марқакөл ауданы тек қана өзіне тән кереметтей түмса табиғаты, аса мол кен байлықтары, Марқа, Зайсан көлдері, сонымен қатар су артериялары: Қалжыр, Тақыр, Теректі, Білезік, Қаба өзендерімен-ақ ерекше мәнге ие. Оңтүстік Батыс Алтайдың қайталанбас флорасы мен фаунасының өзі де экологиялық тарихи-туризм саласын дамытуда үлкен болашағы бар екенін айғақтағандай. Еліміздің ежелгі тарихында да Алтай өңірінің алатын орны соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде тыңнан ашылған археологиялық ескерткіштері мен олардан табылған жәдігерлерімен ерекшеленеді. Аталған өлке ықылым замандардан тарихи-мәдени процестердің қайнаған ортасы болған. Салыстырмалы түрде алғанда шағын ғана микроауданда тас ғасырынан бастап ортағасырларға дейігі уақыттың аралығында көптеген археологиялық мәдениеттер қалыптасып, дамығандығын археологиялық мәліметтер толыққанды растап отыр. Солардың қатарындағы көршілес аймақтағы шеміршек мәдениеті, Шілікті патша обалары, тоң басқан Берел обалары, Елекесазы сияқты ескерткіштердің өзара ықпалдас-

тық негізін анықтауда, аралық аймақ ретінде де маңызды өңір болып саналады. Оңтүстік Батыс Алтайдың тарихы біз ойлағандағыдан әлдеқайда бай, бұл өңір археологиялық тұрғыдан алып қарағанда әлемдегі аса маңызды аймақтардың бірі де бірегейі болып саналады. Сан мыңдаған жылдар бойы осы жерлерді мекендеген халықтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігі туралы мағлұмат беретін археологиялық ескерткіштерімен танымал. Климаттың жаһандық жылынуы Қазақ Алтайының биік таулы аймағында орналасқан Марқакөл ауданындағы осы ескерткіштерге де өз әсерін тигізуде. Сол себепті де аса құнды мәліметтер беретін археологиялық ескерткіштерді зерттеу, қазба барысында алынатын құнды жәдігерлерді жаратылыстану ғылымдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып пәнаралық тұрғыда зерделеу барысында халқымыздың кереметтей мәдени құндылықтарын насихаттауға жағдай туады. Қазірге дейін Ресей Алтайындағы Пазырық, Үкөк, Бертек т.б. ескерткіштерден өзге Қазақстан территориясында тоң басқан Берел обаларында ғана органикалық заттар бүлінбей қатып, семіп сақталып жеткендігін ескерсек климаты дәл сондай Марқакөл сынды шағын аудандағы нысандарды зерттеу өте перспективалы екендігі дау тудырмайды. Сонымен бірге

бағзы замандардан сыр шертетін археологиялық ескерткіштерден табылатын құнды жәдігерлерді құтқарып қалу аса өзекті әрі маңызды шара екендігі сөзсіз деп білеміз.

Әдебиетке шолу

Негізінен алғанда Алтайдағы обалардың ашылып ғалымдар тарапынан зерттеле басталғанына біржарым ғасырдан артық уақыт өтті (Радлов, 1989), осы уақыт аралығында мыңнан аса қоршау, оба қазылып зерттелінді. Кенді Алтайда тас дәуіріне жататын алғашқы аңшы, терімшілердің бұл өңірді 20 мың жылдан астам бұрын игеріп, қоныстанғандығы ғылыми тұрғыдан да расталынып отыр (Krause et al., 2010: 894–897). Кен орындарын ашу, іздестіру жұмыстарына және алғашқы кездейсоқ олжаларға байланысты мағлұматты 1960 жылы шыққан «Қазақстан археологиялық картасы» атты ғылыми еңбектен ала аламыз. Мұнда Марқакөл ауданына қатысты № 1860-тан № 1888-ге дейінгі сандармен көрсетілген он ескерткіш туралы мәлімет енгізілген. Оның жартысы Қалжыр өзені жағалауында (АКК, 1960: 132–133, л. 14). Одан кейінгі Марқакөл ауданының археологиялық ескерткіштері туралы тізімге алынған ескерткіштер туралы 2006 жылы жарық көрген Шығыс Қазақстан археологиялық ескерткіштерінің тізбесінде көрсетілген (Шығыс Қазақстан..., 2006: 161–167, 190–197). Кейін, 2018 жылы аудан ескерткіштері туралы Алтай археологиялық экспедициясының толыққанды зерттеулері нәтижесінде шыққан ұжымдық монографиялық еңбекте жарық көрді. Ал одан кейінгі зерттеулерде жекелеген мақала түрінде жарияланғанымен, дәл осы мақалада жинақталып, қорытындыланып беріліп отыр.

Марқакөл ауданы территориясындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуге еліміз егемендік алғаннан кейін шетелдік ғалымдардан теккана Ресей археологтары А.А. Тишкин, П.К. Дашковский мен А.А. Ковалевтар ғана атсалысса, ал алыс шетелден ешқандай археолог ат басын бұрған емес. Жоғарыда аталған ғалымдар шағын ғана Айнабұлақ ауданында неолиттен бастап ортағасырларға дейінгі ескерткіштерді тауып зерттеді (Ковалев и др., 2004: 183–190; Дашковский и др., 2007).

Еліміздің территориясында Марқа өңірінен шеміршек мәдениетін тауып, зерттеген А.А. Ковалевтың ғылыми тұжырымдары монографиясында жарияланды (Ковалев и др., 2014: 9–161). Марқакөл қазаншұңқырындағы түркі кезеңіне

жататын бірнеше тас мүсіндерді Кеңес уақытында зерттеген А.А. Чариковтың еңбегін атап өтуге болады (Арсланова, Чариков, 1974: 222, 227, 233–234).

Отандық ғалым-зерттеушілерге келер болсақ, өңір петроглифтерін және Ақжайлау қорымын зерттеген З. Самашев пен Ә.Т. Төлеубаевты, облыстық өлкетану музейінің қызметкерлері Г.А. Куш пен Г.И. Суворованы, 1988 жылы археологиялық экспедиция барысында зерттеу жұмыстарын жүргізген Ә.М. Оразбаевты, сондай-ақ 2012 жылдан бері Алтай археологиялық экспедициясының басшысы болып келе жатқан Ғ.Қ. Омаровты және экспедиция құрамындағы ғалымдарды олардың еңбектерімен бірге атап өтуге болады.

Әдістер

Марқакөл ауданының археологиялық тұрғыдан зерттелуіне қатысты бұл мақалада ең алдымен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының, Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Археология, этнология және музеология кафедрасының мұрағаттарында сақталған материалдар мен ғылыми есептер, библиографиялық еңбектер жиналып, ескерткіштердің карта, сызбалары, фотолары алынып, олардың электронды базасы құрылды. Осы өлкені зерттеген ғалым, археологтардың зерттеулерін саралалауда биографиялық әдіс, басқа мәселелерді көтерген кезде ретроспективті және өзге де әдістер қолданылды. Қазақстанның шығысында орналасқан Марқакөл ауданы территориясын жеке аймақ ретінде қарастырғандықтан жұмыстың негізгі зерттеу әдісі етіп тарихи салыстырмалы талдау негізге алынды. Сондай-ақ топтау, жүйелеу, статистикалық әдістер мен герменевтика принципін, ескерткіштердің зерттелуін қарастыруда тақырыптық-хронологиялық принциптерді пайдаландық. Мақаланы жазар алдындағы ескерткіштерді зерттеу барысында археологияның дәстүрлі және заианауи әдістерін қолдандық. Ең алдымен қазу және барлау және картаға түсіру, нысандардың топографиясы мен планиграфиясын зерттеу, формальды-типологиялық талдау сынды археологияда кеңінен кеңінен қолданылатын әдістер пайдаланылды. Ескерткіштің мерзімделу уақытын анықтау үшін Вильнюс қаласындағы (Литва) Физика ғылымдары және технологиялар орталығының зертханасында радиокоміртекті сараптама жүргізілді.

Мақаланың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін археологиялық зерттеулерді жүргізудің белгілі бір ережелері мен нормаларын ұстану қажет, оларға ескерткіштің егжей-тегжейлі сипаттамасы, сондай-ақ дала жұмыстары мен артефактілер салдарынан анықталған фотофиксация жатады. Ескерткіштердің топографиялық орналасу ерекшелігі жалпыға қолжетімді спутниктік суреттер (Google және Bing) мен сандық карталарды пайдалана отырып зерттелді.

Нәтижелер және талқылау

Ежелгі Алтай көне көшпелілер өркениетінің алтын бесігі, ол ұлан-байтақ Еуразия даласының кіндік тұсына орналасқан. Алтай тарихтағы көптеген түрік-моңғол тілдес көшпелі халықтардың күншығыстан батысқа, терістіктен түстікке бағытталған сансыздаған толассыз көші-қон үрдістерінің, соғыс жорықтарының тоғысар торабы, сан алуан этномәдени байланыстардың орталығы болды. Алтай тарихтың соңғы 3 мың жыл аясында сақ тайпаларының, ғұн империясының, Ұлы Түркі қағанатының, Қарлұқ, Қимақ, Қыпшақ мемлекетінің, сосын Найман хандығы мен Керей ұлысының иелігінде болды. Демек, Алтай өңірі, соның ішіндегі бір пұшпағы Марқакөл ауданы территориясы Қазақ мәдениеті мен өркениетінің және Қазақ мемлекеттілігінің тарихында алар орны ерекше маңызды. Тұтас Алтай мәдени аймағының қазіргі Ресейге, Қытайға және Моңғолия мемлекетінің құзырына қараған өңірінен жан-жақтылы жасақталған археологиялық ғылыми экспедициялар сол көне түркі тарихи-мәдени ескерткіштерінің қыруар мұрасын тауып, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, ғылыми нәтижелері мен қорытынды тұжырымдарын өз елдерінде ғана емес, тіпті әлемдік ғылыми айналымға да кіргізіп үлгерді. Қазақстан Алтайындағы көне түркілік мәдени ескерткіштерді зерттеуге біріншіден, кеңестік кезеңде саяси-идеологиялық кедергілер, яғни пантүркизмді болдырмау, екіншіден ол шекаралық аймақ болды, үшіншіден Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы онжылдықта экономикалық-қаржылық дағдарыс, реформа кезеңінде болды, ғылымға, соның ішінде археология ғылымына қажетті қаржы бөлінбеді. Осы және басқадай себептердің салдарынан Қазақ Алтайындағы көне түркілік мәдени ескерткіштердің зерттелуі мардымсыз болды деп айтуға болады, ол өзге көрші елдермен салыстырғанда біраз артта қалып отыр.

Шығыс Қазақстанның көне тарихына қатысты жазба деректердің тым аздығына байланысты өңірдің шынайы тарихын тек археологиялық зерттеулер нәтижелері арқылы ғана там-тұмдап болсын біле аламыз. Тарихи-мәдени ескерткіштерге аса бай осы өлкені қандай ру, тайпа, халықтар мекендегені әлі де беймәлім болғанымен, соңғы жылдардағы пәнаралық заманауи зерттеулер мүмкіндігі арқасында олардың қоғамдық құрылысы, шаруашылығы, наным-сенімі, материалдық және рухани мәдениеті, антропологиялық кескін-келбеті, тіпті олардың күнделікті тамақтану рационы туралы да нақты біле аламыз.

Жазба дереккөздерінде бұл өлкені мекендеген халықтар туралы ең көне деректер антикалық авторлар еңбектерінде кездеседі. Атап айтсақ, қазіргі Шығыс Қазақстан мен Алтай өңіріндегі ерте темір дәуірі кезіндегі халықтардың тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы мәліметтер Геродоттың еңбегінде орын алған. Оның мәлімдеуінше б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында эллиндіктерге «алтын қорыған самұрықтар» мекен еткен тайпалар туралы мағлұматтар белгілі болған (Геродот, 1972). Бұл мәліметтерді көпшілік ғалымдар сол уақыттағы ірі алтын қоры бар Алтай тауларын мекендеген халықтармен байланыстырады. Бұдан басқа Қытай жылнамаларында да б.з.д. I мыңжылдықтағы аталған өлкені мекендеген тайпалар тарихи баяны туралы хабарлар пайда болады.

Өлкенің зерттелу тарихына келер болсақ, Ресей Сібірді жаулап алғаннан соң қазақ жерінің шығысындағы сарқылмас кен орындары, тұмса табиғаты, әр уақытқа жататын тарихи-мәдени ескерткіштеріне аса қызығушылық танытып, ғалымдары мен шенеуніктерін, саяхатшылары мен әртүрлі мамандық иелерін уақыт құрғатпай жосылтып аттандыра бастады. Солар қалдырып кеткен ақпараттар түзілімі бүгінгі таңдағы ғылыми бағыт-бағдардың бастамасы болды. XVIII ғасырдағы еліміздің шығысындағы археологиялық ескерткіштер туралы тым қысқа болса да алғашқы мәліметтер саяхатшылар мен ғалымдар еңбектерінде кездеседі (Миллер, 1937: 524).

Құрамында П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Гмелин, Х. Барданестер бар 1768–1774 жылдары патшалық Ресей ұйымдастырған екінші академиялық экспедиция материалдарында Ертістің жоғарғы ағысындағы көне обалар туралы мәліметтер орын алған (Паллас, 1773).

XIX ғасырдағы археологтар назарына іліккен жұмыстардың қатарына Г.И. Спасскийдің «Записки о Сибирских древностях» еңбегін жат-

қызуға болады. Алғашқы болып оның 1818 және 1825 жылдары Шығыс Қазақстанның петроглифтері туралы «Азиатский вестник» және «Сибирский вестник» журналдарында материалдары жарық көрді (Спасский, 1819: 67–100). Одан кейін 1883–1895 жылдары толық ғылыми негіздеуге келмейтін П. Новопашиннің Бала Қалжыр өзені бойынан тас обаның бірінен басы шығысқа бағытталып жерленген адам қаңқасы мен алтын қапсырмалы белбеу табылғаны жөнінде мәлімет қалдырады.

Аз да болса Майтерек болысындағы жартас суреттері туралы В. Никитиннің жазбаларында кездеседі. Зерттеуші сонымен бірге осы өлкедегі обаға қатысты аңызға да тоқталып өткен (Никитин, 1902: 103–111).

XX ғасырдың бас кезінде А.В. Адрианов 1906, 1910 және 1911 жылдары сол кездегі Семей облысы аумағында археологиялық зерттеу жүргізеді. Семейден Марқа көліне дейінгі 1911 жылғы зерттеу сапары барысында ғалым Марқакөлдегі Қаба төңірегіндегі археологиялық ескерткіштерді зерттейді (Адрианов, 1916). Бұл кезде археология ғылымы жаңадан ғана қалыптаса бастағандықтан оның бұл зерттеу жұмыстарын әуесқой өлкетанушы деңгейінде ғана қарастыруға болады.

Жоғарыда келтірген зерттеулердің барлығы патшалық Ресей тұсында болса, ал одан кейінгі Кеңес өкіметі кезінде 1935 жылдан бастап Марқакөл ауданындағы археологиялық ескерткіштерге түрен салған белгілі археолог С.С. Черников болды (Черников, 1960). Бұл ғалымның Шығыс Қазақстанның жартас суреттерін зерттеуге қосқан үлесін де ерекше атап өткеніміз ләзім деп білеміз (Черников, 1947: 251–282).

Марқакөл жеріндегі Горный, Доланалы, Нарбота, Былғары табыты, Қалжыр, Тақыр, Ақ қаба, Қара қаба және т.б. қоладан бастап ерте темір, түркі, кейінгі ортағасырлармен мерзімделетін петроглифтерді 1971–1983 жылдар аралығында З. Самашев жан-жақты зерттеп, олардың семантикасы мен интерпретациясы да қаузалды. Бұл монография қазірге дейін өзінің маңызын жойған жоқ (Самашев, 1992).

Марқакөл қазаншұңқырындағы түркі дәуірінің тас мүсіндерін зерттеп, кейбірін Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ауласына қойған археолог А.А. Чариковтың қайраткерлігін айтпасқа болмайды. Ұранхай, Сорвенка (қазіргі Бұғымүйіз), Орловка (қазіргі Шанағатты) және Бобровка (қазіргі Төсқайын) ауылдары жанынан тас мүсіндердің сызбасын

салып, фотоға түсіріп олардың классификациясын жасап мерзімделетін уақытын анықтады (Чариков, 1976: 153–165).

Аудан жеріндегі ғылыми тұрғыдан зерттеуге 1985 жылғы жасақталған С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Археология және этнология кафедрасының доценті, т.ғ.к. Ә.М. Оразбаев басқарған экспедициясы Горное (қазіргі Ақбұлақ) ауылы жанындағы Апар және Қалжыр өзенінің сол жағалауындағы Күшікбай қорымдарында қазба жұмыстарын жүргізіп, сол мандағы бірнеше ескерткішті тізімге алды (Оразбаев, Омаров, 1998: 9–71). Өкінішке орай осы ескерткіштердің жарияланбай қалған материалдары кейін шәкіртінің ізденістері нәтижесінде ғылыми айналымға енді (Омаров, 2014). Бұл экспедиция араға екі жыл салып 1988 жылы Қаба ауылдық әкімшілігі аумағында 26 қорым мен ондағы 487 обаны тіркеуге алады. Ғалым әсіресе Бобровка (қазіргі Төсқайын) ауылы маңындағы тау аралығы Арасан жазығында Берел қорымындағы сияқты ру ақсүйектері яки тайпа көсемдері жерленген обаларға аса қызығушылық танытады. (Оразбаев, Омаров, 1998: 68–69).

Шығыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейінің археологиялық зерттеу тобы 1980, 1987–1990, 2005 жылдары Күршім және Марқакөл аудандарында археологиялық ескерткіштерді тіркеу жұмыстарымен айналысты (Шығыс Қазақстан..., 2006: 142–204). Алайда бұл экспедиция жұмыстарының нәтижелері ғылыми басылымдарда мақала түрінде жарық көрмеді. Ескерткіштердің топографиялық жоспары қазіргі қойылатын талаптарға сай сызылмады, фотосуреттерінің сапасы да сын көтермейді.

Одан кейінгі 1998–2000 жылдардағы Қазақстан – Ресей біріккен Марқакөл археологиялық экспедициясы (жетекшісі – А.А. Ковалев) Марқакөл ауданында мезолиттен бастау алып ортағасырға дейінгі уақытпен мерзімделетін ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізіп, Айнабұлақ қорымындағы бірнеше нысанға археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді (Ковалев и др., 2004: 183–190). Археологиялық қазба жұмыстары Былғары табыты ауылы жанындағы Айнабұлақ 1, 2, 3, 4, Жаңғыз төбе, Бөйге төбе, Қопа 1, Былғары табыты 1 қорымдарында жүргізілді. Неолитке жататын б.з.д. V мыңжылдықтың ортасы мен б.з.д. IV мыңжылдықтармен мерзімделетін тас артефактілер жиналып, Айнабұлақ бұлағы қасындағы жалпақ таста ежелгі адамдардың дүниетанымынан түсінік беретін ұяшықтар табылып, Ашутас маңындағы обалардың оңтүс-

тік-шығыс шетіне қойылған биіктігі 2,5 м екі сынтас есепке алынды. Зерттеу қорытындылары мен тұжырымдары З. Самашев, П.К. Дашковский және А.А. Тишкиндердің монографиялық еңбегінде айшықталды (Дашковский и др., 2007). Бұл жылдарда жүргізілген зерттеулердегі басты жаңалық бұған дейін тек қана көршілес Қытай территориясында кездесетін 4,5 мың жылдық тарихы бар қола дәуірінің шеміршек мәдениеті ескерткіштерінің осы жерден табылуы. Алқабек өзені аңғарындағы тас тақталармен қоршалған төртбұрышты қоршаудың шығыс жағынан жалпақтай төселген тас тақталы дәліз бір-екі адам жерленген топырақ қабір шұңқырмен жалғасады. Әдетте, бұл дәліздің қабырғалары қабір шұңқырды айналдыра қоршап тұрған, немесе кертпешелерде тас қаландылар болған. Барлық обаларда қабір шұңқыры қоршау орталығынан 2–5 м кіреберістегі дәліз аузына «жылжытылған». Қопа қорымының № 2 қошауының шығысында бір жағы өңделген тас стелла орнатылған (Ковалев и др., 2014). Сонымен Еуропадан бастау алған шеміршек мәдениетінің таралу аймағы Марқакөл ауданы жеріне дейін таралғандығы толыққанды расталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті мемлекеттік мекемесі жариялаған 2012–2014 жылдарға арналған ғылыми жобалар аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары 2012 жылы Марқакөл ауданындағы Қалжыр ауылынан солтүстік батыста 4 шақырым жерде Қалжыр өзенінің оң жағалауындағы Алқым қорымында түркі және ерте темір дәуірінің үш обасындағы қазбалардан басталып, Қара Ертіс жағасындағы Түйетас қорымындағы ерте темір дәуірінің екі обасында жалғастырылып зерттелді және бастапқы қалпына келтірілді. Алтай тауы баурайларының әр жерлерінен археологиялық барлау барысында 30-дан аса алғаш рет ашылған археологиялық нысандар зерттеліп, жобасы түсірілді, географиялық координаттары мен картадағы орыны анықталды және кездейсоқ жағдайда табылған жәдігерлер бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді (Омаров и др., 2018а; Омаров и др., 2018б).

Далалық ізденістердің келесі сатысы осы аудандағы аталған округтерден басқа Қаратоғай, Ақбұлақ, Теректі, Төсқайың ауылдық округтеріндегі археологиялық ескерткіштерді есепке алу, нақты орындарын анықтау, картаға түсі-

ру болды. Нәтижесінде жаңадан қола дәуірінің бір қонысы, бір қорымы, ерте темір және түркі дәуірлерінің елуге тарта қорымы және петроглифтер тобы тіркелді. Алтай тауының баурайы мен биік жоталарынан жаңадан түркі дәуірінің 3 тас мүсіні табылды (Омаров, Төлегенов, 2014: 97–100). Егіндібұлақ ауылы мен Ақбұлақ ауылдары жанында сақ патшалары мен ақсүйектері жерленген элитарлық обалар тобы анықталып есепке алынды (Омаров, 2014: 48–49). Жиделі ауылының маңындағы Ашутас немесе Ақкеріш деген жерден кездейсоқ жағдайда осы жылы XII–XIII ғасырлармен мерзімделетін Ұлы Жібек жолының далалық тармағының бойын мекендеген түркі-моңғол тектес тайпалардың материалдық мәдениетінің тамаша өнер жәдігері болып есептелетін қола айнаның құпиясы ашылды (Омаров және т.б., 2011: 65–73).

2013 жылы дәл осы Алтай археологиялық экспедициясы Қалжыр, Ақбұлақ, және Төсқайың ауылдық әкімшілік территориясында археологиялық барлау жасау нәтижесінде жаңадан ашылған 6 ескерткіштердің материалдары сараланып, олардың нақты географиялық координаталары бойынша картаға түсірілді, Ақбұлақ ауылдық округіне қарасты Бесоба қорымында ерте темір дәуіріне жататын 6 оба зерттелді (№5, 10, 16, 26, 27, 28) (Омаров, Төлегенов, 2014). Жалпаққайың қорымындағы бір қоршау энеолит-қола дәуірімен мерзімделсе, ал Бесоба-1 қорымының элитарлық екі сақ обасы б.з.д. VIII–VI ғасырлармен мерзімделетіндігі археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде анықталды. Ғылыми тілде «пантера» деп аталатын мысық тұқымдас жыртқыштың алтын қаңылтырға пунсондық әдіспен салынған диаметрі 9 см бір дана басы мен құйрығы оралып келіп түйіскен күйде салынған бейнесі № 10 обадан табылды (Омаров, 2015). Бұдан басқа да алтын фольгадан жасалған жәдігерлердің барлығы да ҚР Ұлттық музейіне тапсырылды.

2014 жылы Боран ауылдық округіне қарасты 50-ден аса обадан тұратын Түйетас қорымында б.з.д. V–I ғасырлармен мерзімделетін ерте темір дәуірінің № 15 және 17 және қимақтарға тиесілі № 29 обасы зерттелді. Бұл обадан ат әбзелдері, ер-тоқым, қамшы, органикалық заттар табылып, реставрациядан өтті және реконструкциясы жасалды, кейін түпнұсқалары ҚР Ұлттық музейіне тапсырылды (Omarov et al., 2022).

Жалпы Оңтүстік-Батыс Алтай бөктерлерінде соңғы уақытта қимақ кезеңіне жататын ескерткіштер көптеп табылып, олардың заттай мәде-

ниетінен (Хасенова и др., 2021) және рухани мәдениетінен (Самашев, 2016) мәліметтер беретін деректермен толығуда. Бұл жылы археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп Боран және Қалжыр ауылдық округі территориясынан қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі 7 ескерткіш ашылып, төлқұжаттары жасалды.

2015 жылы 2015–2017 жылдарға арналған «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» жобасы (жетекшісі Ф.Қ. Омаров) аясында Марқакөл ауданының Ақбұлақ, Боран, Қаба ауылдық әкімшілік территориясында археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп бұрын белгісіз қола дәуірінің бір қонысы және 3 қорым ашылды. Кеңес дәуірі кезінде ашылған, алайда нақты орындары анықталмаған, болмаса суретке түсірілмеген археологиялық ескерткіштердің қазіргі заман талабына сай қайтадан планиграфиясы мен нақты координаталары анықталды, суреттері мен жобалары түсірілді (Омаров және т.б., 2016: 146–150).

2015 жыл Алтай археологиялық экспедициясы Ақбұлақ ауылдық округіне қарасты Қабырғатал фермасы жанынан қола дәуірінің 2 қоршауын қазып зерттеді, одан басқа қабырғалары екі қатардан тұратын 10×15 м көлемдегі қола дәуірінің қонысы есепке алынды. Осы жылы сондай-ақ Көкбейіт, Ақтас және Терісайрық қорымдары да жаңадан ашылған ескерткіштер санын көбейтті. Теріскей Бөкенбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 13 шақырым жердегі Қабырғатал фермасы маңынан кездейсоқ табылған қара түсті (гранит) таста үшкір затпен қашалып жазылған 8 таңба-өріп екі қатарда бейнеленген. Көне түркі бітік жазудың оқылуы: *Er atim Tayran š?* . Қазақшасы: *Ер (батыр) атым Тагран ш ?* Қара Ертістің оң жағалауында VIII–X ғасырларда қимақтардың өмір сүргендігі нақты археологиялық материалдар арқылы дәлелденіп отырса, ал осы уақытпен мерзімдес Он оқ, Түргеш (VIII–IX ғасырлар) дәуіріне жататын көне түрік мәтінінің табылып, лингвист ғалымдар тарапынан оқылып, таңба-графикалық ерекшелігі бойынша Талас ескерткіштеріне жақындығының анықталуы да еліміздегі үлкен жаңалықтардың бірі де бірегейі десе де болғандай (Омаров, Базылхан, 2015: 94–99).

2017 жылы Ақбұлақ ауылы жанындағы 10 обадан тұратын Бесоба 2 қорымындағы биіктігі 0,6 м, диаметрі 13 м қатардағы № 9 сақ обасы қазып зерттелді, сонымен бірге Жақсылық

және Егізқызыл ескерткіштері жаңадан ашылды (Омаров, Бесетаев, 2018: 326).

2018–2020 жылдарға арналған «Көне заманнан ортағасырларға дейінгі Қазақ Алтайы тұрғындарының сакральді кеңістігі және жерлеу-ғұрыптық рәсімдері» атты жоба (жетекшісі Ф.Қ. Омаров) аясында 2019 жылы ерте темір дәуірінің Қабырғатал және Дуаналы қоныс-қыстауы, 8 қорым және Дуаналы жартас суреті орыны ашылды (Омаров и др., 2020: 144–154).

Теріскей Бөкенбай ауылынан шығыста 3 км қашықта 2019 жылы Алушы бұлағының жанында осы аттас қорымда диаметрі 6,5 м болатын № 1 оба-қоршауға қазба жұмыстары жүргізілді. Сол уақыттың өзінде тоналғаны анықталды. Радиокөміртектік сараптама нәтижесі б.з.б. VIII–VII ғғ., яғни ерте сақ дәуірі ескерткіші. Тас жәшіктің ішінде қуыс конус тәріздес фольгандан жасалған. Қалыңдығы шамамен 2 мм тегіс сымнан жасалған сақинамен берік қосылу үшін фольганың шеттері бүктелген. Иіліп жарты шеңбер түріндегі қола әшекейлердің бірнеше сынықтары табылды. Мұндай сақ дәуірінің конус тәрізді сырғалары Алтай мен Орталық Қазақстанда кең тараған және К.В. Чугунов, А.А. Тишкин, А.З. Бейсенов еңбектерінде жан-жақты қарастырылған (Тишкин, 1999: 184–190; Чугунов, 2003: 386–395; Бейсенов, 2014: 121–128).

2021 жылы «Шығыс Қазақстанда 2016–2026 жылдары археология саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту бағдарламасы» аясында Ақбұлақ ауылдық әкімшілігіне қарасты ерте темір дәуірінің Дуаналы қоныс-қыстауы мен 3 қола дәуірінің қоршаулары зерттелді (Омаров и др., 2021: 57–73).

3. Самашевтың бастамасымен 2022 жылғы далалық маусымда Ақжайлау қорымында зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын. Ескерткіш Теректі ауылынан 30 км солтүстік-шығыста аттас өңірде орналасқан. Қорым кешені батыстан шығысқа қарай 5500 м және оңтүстіктен солтүстікке қарай 4000 м аумақты алып жатқан, еңіссіз, шағын жыралары бар тегіс жазықта, барлық жағынан Соңалы, Қарамола және Шубарағаш жоталарымен қоршалған. Ескерткіштер негізінен өңірдің солтүстік-шығыс жартысында, Ақжайлау ауылынан шығыс және оңтүстік-шығыс бағытта, Білезік пен Сарқырама өзендерінің аралығында шоғырланған. Қабір кеңістігінің кіреберісінен алтын фольгамен көмкерілген ат әбзелдерінің көптеген бөлшектерінен тұратын көмбе анықталды. Олардың ішінде ат-әбзелдері: жүген мен ердің қайыстары мен қапталының

әшекей бұйымдары, салпыншақтар, қаптама-лар мен жапсырмалар ерекше қызығушылық тудырады. Оба құрылысының ерекшеліктерін, сондай-ақ ат-әбзелдерінің қызметтік және құрылымдық қасиеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ескерткіш б.д.д. VII ғ. екінші жарты-сы – VI ғ. мерзімделеді (Самашев и др., 2023: 3–29).

2024 жылы Ғ.Қ. Омаровтың жетекшілігі-мен «Шығыс Қазақстанда 2016–2026 жылдары археология саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту бағдарламасы» аясында кешенді барлау жұмыстарымен қатар, Ақбұлақ ауылдық әкім-шілігіне қарасты ерте темір дәуірінің бірнеше обасына қазба жұмыстары жүргізілді (Омаров и др., 2024: 10–16).

Қорытынды

Зерттеу мақаласын орындау барысында алға қойылған міндеттер мен мақсаттар толық орындалды. Соның нәтижесінде Марқакөл та-рихи-мәдени аймағындағы барлық ашылған археологиялық ескерткіштер нақтыланып, ғылыми айналымға енеді. Марқакөл ауданының археологиялық ескерткіштері орналасқан ны-сандарды зерттеудің нәтижесінде қола, ерте те-мір дәуірлері және ортағасырлық қоршау, оба және петроглифтері туралы қол жеткен жаңа деректер мен ғылыми нәтижелері С. Аманжол-лов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеттерінің тарих факуль-тетінің оқу үдерісінде, лекция, семинар, сту-денттердің ғылыми мақалалар жазу барысында пайдаланылуда.

Ғылыми зерттеудің негізгі бір бағыты атал-ған өңірдің және көршілес жатқан аймақтардың этноқайнар көздерімен бірге көне мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты анықтау негізінде құрылып, пәнаралық байланыстар нәтижесінде біршама бағамды қорытындылар жасалды. Ке-шенді түрдегі археологиялық зерттеулер аталған өлкедегі көне мәдениеттердің дамуы мен баста-луын анықтауға мүмкіндік берді.

Мақаланы жазу барысында алынған жаңа деректік материалдар біздің Марқакөл ауда-нындағы көне мәдениеттері жайлы түсінігімізді біршама толықтыра түсті. Қарастырып отырған өлкедегі қола, ерте темір және түркі дәуірі архео-

логиялық ескерткіштері шекаралас өлкелердегі хронологиялық шеңбері бір мәдени ошақтармен теориялық жағынан салыстырылып, айырмашы-лықтары мен ұқсастықтары нақтыланды.

Марқакөл ауданындағы археологиялық ес-керткіштердің бүгінгі таңдағы жай-күйімен та-ныса келе олардың нақты санын анықтап, есепке алу, сақтау және қорғау жұмыстарын іске асыру жолында төмендегідей ұсыныстарды қоймақ-пыз:

- жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анық-талған археологиялық ескерткіштердің көпшілі-гінің қазіргі күнге дейін ғылымға белгісіз болып, есепке алынбағандығын ескере келе олардың барлығын жергілікті, облыстық не мемлекеттік деңгейде есепке алып, қорғау аймағын белгілеу жұмыстарын жасау;

- тарихи-мәдени ескерткіштердің кейбірі-нің табиғи апаттан және рұқсатсыз жүргізілген құрылыс, шаруашылық жұмыстарының бары-сында бұзылғанын, сондай-ақ тонаушылар та-рапынан бұзылып жатқанын ескере келе оларды сақтау, қорғау шараларын облыстық мәдениет басқармасы қолға алу керек;

- археологиялық барлау жұмыстары көр-сеткендей апаттық жағдайдағы ескерткіштерді гранттық, аудандық, облыстық, республикалық қаржы есебінен шұғыл түрде зерттеу жұмыста-рын жүзеге керек;

- Марқакөл ауданындағы ескерткіштерде басталған қазба жұмыстарын жалғастыру керек;

- осы күнге дейін ашылып, зерттеліп, ғылы-ми айналымға енген ескерткіштердерді Шығыс Қазақстанның көне тарихына қатысты моногра-фиялық еңбектер, оқулықтар мен оқу құралда-рын жазуға пайдалану керек.

Соңғы жылдардағы жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жаңадан ашылған түркі кезеңінің археологиялық ескерт-кіштері ғылыми айналымға енді. Ғылыми жа-рияланымдарда мақалалар жарияланып, халықа-ралық және республикалық конференцияларда баяндама жасалды. Алынған материалдар Қа-зҰУ-да лекция, семинар, студенттердің ғылыми мақалалар жазу барысында пайдаланылуда.

Мақала АР 26100595 «Марқакөл қазаншұң-қырының археологиялық ескерткіштері мен мәдени мұрасы: пәнаралық және кешенді зерт-теу» атты гранттық жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Адрианов А.В. (1916). К археологии Западного Алтая (из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г. / Известия ИАК. Вып. 62. 94 с.
- АКК – Археологическая карта Казахстана: Реестр. / Сост.: Е.И. Агеева, К.А. Акишев (отв. ред.), Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова. (1960). Алма-Ата: АН КазССР. 449 с., ил., табл., карт.
- Арсланова Ф.Х., Чариков А.А. (1974). Каменные изваяния Верхнего Прииртышья // СА. № 3. С. 220–239.
- Бейсенов А.З. (2014). Серьги сакской эпохи // Вестник Томского государственного университета. Серия: История. № 6 (32). С. 121–128.
- Геродот. (1972). История в девяти книгах / Пер. Г.А. Стратановского. Л.: Изд-во «Наука». 600 с.
- Дашковский П.К., Самашев З.С., Тишкин А.А. (2007). Комплекс археологических памятников Айна-Булак в Верхнем Прииртышье (Восточный Казахстан). Барнаул: Азбука. 96 с.
- Ковалев А.А., Дашковский П.К., Самашев З.С., Тишкин А.А., Горбунов В.В., Грушин С.П., Варенов А.В., Омаров Г.К., Сунгатай С. (2004). Изучение археологических памятников в Восточном Казахстане // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии: сб. науч. тр. Барнаул: АлтГУ. С. 183–190.
- Ковалев А.А., Самашев З.С., Сунгатай С. (2014). Исследования археологических памятников раннего периода бронзового века в Восточном Казахстане (1998–2000 годы) // Древнейшие европейцы в сердце Азии: чемурчакский культурный феномен. Ч. I. Результаты исследований в Восточном Казахстане, на севере и юге Монгольского Алтая / Сост. и науч. ред. А.А. Ковалев. СПб.: Изд-во ЛЕМА. С. 9–161.
- Миллер Г.Ф. (1937). История Сибири. М.; Л.: АН СССР. 607 с.
- Никитин В. (1902). Краткое описание памятников древности Семипалатинской области // Известия ИАК. Вып. 2. СПб. С. 103–111.
- Омаров Ф.Қ., Сұңғатай С., Көпенова М.Е. (2011). Марқакөлден кездейсоқ табылған қола айна // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология және этнология саласындағы жетістіктері мен келешегі. Алматы: Тарих тағылымы. 65–73-бб.
- Омаров Ф.Қ. (2014). Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері (2012 жылғы археологиялық зерттеу жұмыстары). Алматы: Қазақ университеті. 148 б.
- Омаров Г.К., Толегенов Е.Т. (2014). Средневековые изваяния Западного Алтая // Древние и средневековые изваяния Центральной Азии: сб. ст. / Отв. ред. А.А. Тишкин. Барнаул: АлтГУ. С. 97–100.
- Омаров Ф.Қ. (2015). Бесоба қорғандары. Алматы: Қазақ университеті. 29 б.
- Омаров Ф.Қ., Базылхан Н. (2015). Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан жаңадан табылған көне түрік бітік жазулы ескерткіш туралы (алғашқы талдау) // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 6 (68). 94–99-бб.
- Омаров Г.К., Сапатаев С.А., Сағындыкова С.Т., Куркеев Е.М. (2016). Оңтүстік-Батыс Алтайдағы 2015 жылғы археологиялық зерттеу жұмыстары // «Қазіргі жоғары білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. А.Б. Қалыш. Алматы: Қазақ университеті. 146–150-бб.
- Омаров Ф.К., Бесетаев Б.Б., Сапатаев С.А., С.Т. Сағындыкова С.Т. (2018а). ШҚО Күршім ауданының археологиялық ескерткіштерінің тізімі. Алматы: Қазақ университеті. 174 б.
- Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Мерц И.В., Сағындыкова С.Т. (2018б). Краткое сообщение о результатах археологической разведки на территории Курчумского района в 2018 году // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия: Исторические науки. № 4 (91). С. 201–213.
- Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б. (2018). Продолжение исследований на могильнике Бесоба // Маргулановские чтения – 2018: матер-лы межд. науч.-практ. конф. (г. Актобе, 19–20 апреля 2018 года). Актобе – Алматы: ЖК С.Т. Жанәділов. С. 325–327.
- Омаров Ф.Қ., Бесетаев Б.Б., Сағындыкова С.Т. (2020). Археологические изыскания Алтайской археологической экспедиции в 2019 году // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия: Исторические науки. № 1 (96). С. 144–154.
- Омаров Г., Бесетаев Б., Сағындыкова С., Чынар С., Меделбек Ш., Демесин Б., Суйиндик Ж., Шергазынулы М. (2021). Изучение археологического комплекса Дуаналы в Курчумском районе ВКО в 2021 г. // Алтай – золотая колыбель тюркского мира: сборник научных статей. Усть-Каменогорск. С. 57–73.
- Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Константинов Н.А., Сағындыкова С.Т. (2024). Предварительные итоги полевых работ на могильниках Сулушоки и Бесоба в 2024 г. // Алтай – золотая колыбель тюркского мира: мат-лы VIII международной науч.-практ. конф. (г. Астана, 10 сентября, 2024 г.). Алматы. С. 10–16.
- Оразбаев А.М., Омаров Г.К. (1998). Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы. С. 9–71.
- Паллас П.С. (1773). Путешествия по разным провинциям Российской империи. Ч. 1. СПб.: Императорская Академия Наук. 786 с.
- Радлов В.В. (1989). Из Сибири: страницы дневника. М.: Наука. 749 с.
- Самашев З.С. (1992). Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. Алма-Ата: Ғылым. 288 с.
- Самашев З. (2016). Памятники средневековых кочевников верховий р. Каракаба в Казахском Алтае // Алтай в кругу евразийских древностей / Отв. ред. А.П. Деревянко, В.И. Молодин. Новосибирск: ИАЭТ СО РАН. С. 379–409.
- Самашев З., Чотбаев А.Е., Бесетаев Б.Б. (2023). Новые данные о снаряжении лошади раннесакского времени (по материалам кургана № 1 могильника Акжайлау, Восточный Казахстан) // Археология Казахстана. № 2(20). С. 9–29. DOI: 10.52967/akz2023.2.20.9.29

- Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области (2006) / Гл. ред. Г.А. Куш. Усть-Каменогорск: Государственный фонд поддержки культуры и искусства Восточно-Казахстанской области. 264 с. + карты, ил.
- Спасский Г.И. (1819). Путешествие по южным Алтайским горам в 1809 г. // Сибирский вестник. СПб. Ч. 3. С. 67–100.
- Тишкин А.А. (1999). Украшения раннескифского времени из Горного Алтая // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. Барнаул: АлтГУ, С. 184–190.
- Хасенова Б.М., Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Хабдулина М.К. (2021). Социальная символика предметов торевтики в кимакском обществе: статус мужчины-воина // *Oriental Studies*. 14 (6). С. 1188–1209. DOI: 10.22162/2619-0990-2021-58-6-1188-1209
- Чариков А.А. (1976). Раннесредневековые скульптуры из Восточного Казахстана // СА. № 4. С. 153–165.
- Черников С.С. (1947). Наскальные изображения верховьев Иртыша // СА. Т. IX. С. 251–282.
- Черников С.С. (1960). Восточный Казахстан в эпоху бронзы / МИА № 88. М.; Л.: АН СССР. 272 с.
- Чугунов К.В. (2003). Серьги раннескифского времени Саяно-Алтая (происхождение традиции и типологическое развитие) // Исторический опыт хозяйственного освоения Западной Сибири. Кн. 1. Барнаул: АлтГУ. С. 386–395.
- Krause, J., Fu, Q., Good, J.M., Viola, B., Shunkov, M.V., Derevianko, A.P., & Pääbo, S. (2010). The complete mitochondrial DNA genome of an unknown hominin from southern Siberia // *Nature*, 464 (7290), 894–897. DOI: 10.1038/nature08976
- Omarov G., Besetayev B., Khassenova B., Sapatayev S., Sagyndykova S. (2022). Horse equipment of medieval nomads of the Kazakh Altai (based on materials from the Tuyetas burial ground) // *Archaeological Research in Asia*, 31, 100389. DOI: 10.1016/j.ara.2022.100389

References

- Adrianov, A. V. 1916. In: *Izvestiya arkhеologicheskoy komissii (News of the Imperial Archaeological Commission)*, 62 (in Russian).
- Ageeva, E. I., Akishev, K. A. (ed.), Kushaev, G. A., Maksimova, A. G., Senigova, T. N. (compl.). (1960). *Arheologicheskaya karta Kazakhstana (Archaeological map of Kazakhstan)*. Alma-Ata: KazSSR Academy of Sciences (in Russian).
- Arslanova, F. Kh., Charikov, A. A. (1974). In: *Sovetskaya Arheologiya (Soviet Archaeology)*, 3, 220–239 (in Russian).
- Beisenov, A. Z. (2014). In: *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Istoriya (Tomsk State University Journal. Series: History)*, 6(32), 121–128 (in Russian).
- Herodot. (1972). (G. A. Stratanovskii, Trans.). *Istoriya v devyati knigakh (History in Nine Books)* Leningrad: Nauka (in Russian).
- Dashkovsky, P. K., Samashev, Z. S., Tishkin, A. A. (2007). *Kompleks arkhеologicheskikh pamyatnikov Aina-Bulak v Verkhnem Priirtysh'e (Vostochnyi Kazakhstan) (The archaeological complex of Aina-Bulak in the Upper Irtysh Region (Eastern Kazakhstan))*. Barnaul: Azbuka (in Russian).
- Kovalev, A. A., Dashkovsky, P. K., Samashev, Z. S., Tishkin, A. A., Gorbunov, V. V., Grushin, S. P., Varenov, A. V., Omarov, G. K., Sungatai, S. (2004). In: *Kompleksnye issledovaniya drevnikh i traditsionnykh obshchestv Evrazii (Comprehensive Studies of Ancient and Traditional Societies of Eurasia)*. Barnaul: Altai State University, 183–190 (in Russian).
- Kovalev, A. A. (ed.), Samashev, Z. S., Sungatai, S. (2014). In: *Drevneishie evropeitsy v serdtse Azii: chemurcheskii kul'turnyi fenomen (The Earliest Europeans in the Heart of Asia: The Chemurchek Cultural Phenomenon)*. St. Petersburg: LEMA, 9–161 (in Russian).
- Miller, G. F. (1937). *Istoriya Sibiri (History of Siberia)*. Moscow–Leningrad: Academy of Sciences of the USSR (in Russian).
- Nikitin, V. (1902). In: *Izvestiya arkhеologicheskoi komissii (News of the Imperial Archaeological Commission)*, 2, 103–111 (in Russian).
- Omarov, G. K., Sungatai, S., Kopenova, M. E. (2011). In: *Al-Farabi atyndagy KazUU arheologiya zhane etnologiya salasyndagy zhetistikteri men keleshegi (Achievements and Prospects in Archaeology and Ethnology at Al-Farabi Kazakh National University)*. Almaty: Tarih tagylymy, 65–73 (in Kazakh).
- Omarov, G. K. (2014). *Kurshim audanyryn arkhеologiyalyk eskertkishteri (2012 zhyly arkhеologiyalyk zertteu zhumystary) (Archaeological monuments of Kurshim District (archaeological research of 2012))*. Almaty: Qazaq University (in Kazakh).
- Omarov, G. K., Tolegenov, E. T. (2014). In: Tishkin, A. A. (ed.). *Drevnie i srednekovye izvayaniya Tsentral'noi Azii (Ancient and Medieval Sculptures of Central Asia)*, Barnaul: Altai State University, 97–100 (in Russian).
- Omarov, G. K. (2015). *Besoba korgandardy (The Besoba burial mounds)*. Almaty: Qazaq University (in Kazakh).
- Omarov, G. K., Bazylkhan, N. (2015). In: *KazUU khabarshysy. Filologiya seriyasy (KazNU Herald. Philology Series)*, 6 (68), 94–99 (in Kazakh).
- Omarov, G. K., Sapatayev, S. A., Sagyndykova, S. T., Kurkeev, E. M. (2016). In: Qalysh A. B. (ed.). *VIII Orazbaev okulary (VIII Orazbaev Readings)*. Almaty: Qazaq University, 146–150 (in Kazakh).
- Omarov, G. K., Besetayev, B. B., Sapatayev, S. A., Sagyndykova, S. T. (2018a). *ShKO Kurshim audanyryn arkhеologiyalyk eskertkisherinin tizimi (List of archaeological monuments of Kurshim District, East Kazakhstan Region)*. Almaty: Qazaq University (in Kazakh).
- Omarov, G. K., Besetayev, B. B., Merts, I. V., Sagyndykova, S. T. (2018b). In: *Vestnik KazNU. Istoricheskie nauki (Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Series: Historical Sciences)*, 4 (91), 201–213 (in Russian).
- Omarov, G. K., Besetayev, B. B. (2018). In: *Margulanovskie chteniya – 2018 (Margulan Readings – 2018)*, Aktobe–Almaty: Individual Entrepreneur S. T. Zhanadilov, 325–327 (in Russian).

- Omarov, G. K., Besetayev, B. B., Sagyndykova, S. T. (2020). In: Vestnik KazNU. Istoricheskie nauki (*Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Series: Historical Sciences*), 1 (96), 144–154 (in Russian).
- Omarov, G., Besetayev, B., Sagyndykova, S., Chynar, S., Medelbek, Sh., Demesin, B., Suindyk, Zh., & Shergazynuly, M. (2021). In: Altai – zolotaya kolybel' tyurkskogo mira (*Altai – the Golden Cradle of the Turkic World*). Ust-Kamenogorsk, 57–73 (in Russian).
- Omarov, G. K., Besetayev, B. B., Konstantinov, N. A., Sagyndykova, S. T. (2024). In: Altai – zolotaya kolybel' tyurkskogo mira (*Altai – the Golden Cradle of the Turkic World*). Almaty, 10–16 (in Russian).
- Orazbaev, A. M., Omarov, G. K. (1998). In: Problemy izucheniya i sokhraneniya istoricheskogo naslediya (Problems of Studying and Preserving Historical Heritage). Almaty, 9–71 (in Russian).
- Pallas, P. S. (1773). Puteshestviya po raznym provintsiyam Rossiiskoi imperii. Chast' 1 (Travels through various provinces of the Russian Empire. Part 1). St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences (in Russian).
- Radlov, V. V. (1989). Iz Sibiri: stranitsy dnevnika (From Siberia: pages from a diary). Moscow: Nauka (in Russian).
- Samashev, Z. S. (1992). Naskal'nye izobrazheniya Verkhnego Priirtysh'ya (Rock art of the Upper Irtysh). Alma-Ata: Gylm (in Russian).
- Samashev, Z. (2016). In: Derevyanko, A. P., Molodin, V. I. (eds.). Altai v krugu evraziiskikh drevnostei (*Altai in the Circle of Eurasian Antiquities*). Novosibirsk: IAET SB RAS, 379–409 (in Russian).
- Samashev, Z., Chotbayev, A. E., Besetayev, B. B. (2023). In: Arkheologiya Kazakhstana (*Kazakhstan Archeology*), 2 (20), 9–29. DOI: 10.52967/akz2023.2.20.9.29 (in Russian).
- Svod arkheologicheskikh pamyatnikov Vostochno-Kazakhstanskoi oblasti (2006). (Register of archaeological monuments of East Kazakhstan Region). Oskemen: State Fund for Support of Culture and Art of East Kazakhstan Region (in Russian).
- Spasskii, G. I. (1819). In: Sibirskii vestnik (*Siberian Bulletin*), 3, 67–100 (in Russian).
- Tishkin, A. A. (1999). In: Itogi izucheniya skifskoi epokhi Altaya i sopredel'nykh territorii (Results of the Study of the Scythian Era of Altai and Adjacent Territories). Barnaul: Altai State University, 184–190 (in Russian).
- Khasenova, B. M., Omarov, G. K., Besetayev, B. B., Khabdulina, M. K. (2021). In: Oriental Studies, 14 (6), 1188–1209. DOI: 10.22162/2619-0990-2021-58-6-1188-1209 (in Russian).
- Charikov, A. A. (1976). In: Sovetskaya arkheologiya (*Soviet Archaeology*), 4, 153–165 (in Russian).
- Chernikov, S. S. (1947). In: Sovetskaya arkheologiya (*Soviet Archaeology*), 9, 251–282 (in Russian).
- Chernikov, S. S. (1960). Vostochnyi Kazakhstan v epokhu bronzy (Eastern Kazakhstan in the Bronze Age) (Materials of the Institute of Archaeology, no. 88). Moscow–Leningrad: Academy of Sciences of the USSR (in Russian).
- Chugunov, K. V. (2003). In: Istoricheskii opyt khozyaistvennogo osvoeniya Zapadnoi Sibiri (*Historical Experience of Economic Development in Western Siberia*). Vol. 1. Barnaul: Altai State University, 386–395 (in Russian).
- Krause, J., Fu, Q., Good, J. M., Viola, B., Shunkov, M. V., Derevyanko, A. P., & Pääbo, S. (2010). In: Nature, 464 (7290), 894–897. DOI: 10.1038/nature08976 (in English).
- Omarov, G., Besetayev, B., Khasenova, B., Sapatayev, S., Sagyndykova, S. (2022). In: Archaeological Research in Asia, 31, 100389. DOI: 10.1016/j.ara.2022.100389 (in English).

Авторлар туралы мәлімет:

Омаров Гани Қалиханұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Археология және антропология ФЗИ директоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: gani.omarov@kaznu.edu.kz);

Бесетаев Бауыржан Берканұлы – Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, (Алматы, Қазақстан, e-mail: bauyrzhan.besetayev@kaznu.edu.kz).

Information about the authors:

Gani Kalikhanovich Omarov – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Director of the Research Institute of Archaeology and Anthropology at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gani.omarov@kaznu.edu.kz);

Bauyrzhan Berkanovich Besetayev – Senior Lecturer at the Department of Archaeology, Ethnology, and Museology, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bauyrzhan.besetayev@kaznu.edu.kz).

Сведения об авторах:

Омаров Гани Калиханович – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, директор НИИ археологии и антропологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gani.omarov@kaznu.edu.kz);

Бесетаев Бауыржан Берканович – старший преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии (Алматы, Казахстан, e-mail: bauyrzhan.besetayev@kaznu.edu.kz).

Келін түсті: 11.10.2025

Қабылданды: 25.11.2025